КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 01 қараша Іс №7119-23-00-2/11908 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Барбарис» (Раймкулов Батыржан Бегайдарулы) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

«Барбарис» (Раймкулов Батыржан Бегайдарулы) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Барбарис» (Раймкулов Батыржан Бегайдарулы) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 10980(он мың тоғыз жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы, 2054 (екі мың елу төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Нұр-Сұлтан қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 01.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2023, судья Бертыбаева С. Т., 19.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -